



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СТАТИСТИКА
АГЕНТТІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ
2009 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ ЕСЕП**

АСТАНА 2010

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА
АГЕНТТІГІНІҢ
2009 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ ТУРАЛЫ	5
I. СТАТИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ.....	6
Статистикалық ақпаратты тарату және пайдаланушылардың қанағаттанушылығы.....	6
Жұртшылықпен байланыс	6
Интернет	7
Жарияланымдар	8
Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы	8
Кәсіпорындарға статистикалық жүктемені төмендету.....	9
Жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқау бағдарламаларын жаңғырту	11
Ұлттық халық санағын өткізу	11
Қазақстан Республикасы Агенттіктің сапа менеджменті жүйесі	12
II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ 2009-2011 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ	13
III. СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ 2010-2014 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ.....	17
2010 жылы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметін жетілдіру жөніндегі жоспары	17
IV. СТАТИСТИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ОРЫНДАЛҒАН СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН ЖҰМЫСТАР.....	19
Ұлттық шоттар статистикасы	19
Өндіріс статистикасы	19
Қызмет көрсету статистикасы.....	20
Баға статистикасы	20
Әлеуметтік және демографиялық статистика	21
Еңбек статистикасы және үй шаруашылықтарын зерттеу.....	21
V. СТАТИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ	23
VI. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ	25
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	28

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, статистикалық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шеңберде мемлекеттік статистика саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

РСФСР-дің құрамындағы Қазақ Автономиялық Социалистік Республикасының құрылуымен (1920 жыл 26 тамыз), Қазақ АССР-нің Үкіметі 1920 жылғы 8 қарашадағы өзінің қаулысымен «Қазақ АССР-дегі мемлекеттік статистика туралы ережені» бекітті және АССР-дің Статистикалық басқармасы құрылды. Осылайша, Қазақстанның біртұтас орталықтандырылған статистикалық органдарының құрылған күні 1920 жылғы 8 қараша деп қабылданған.

2008 жылғы 8 қарашада Қазақстанның мемлекеттік статистикасына 88 жыл толды. Тәуелсіздік жылдарында қазақстандық статистика еуропалық стандарттарға жақындады: практикада халықаралық жіктеуіштер, әдіснамалық принциптер, деректерді өңдеу мен интерпретациялау тәсілдері қолданылады. 2008 жылы халықаралық сарапшылармен өткізілген мемлекеттік статистика жүйесін екінші Жаһандық бағалау нәтижелері бойынша, Қазақстан Орталық-Азия өңіріндегі статистиканы дамыту саласында батыл қадаммен озып келеді.

Агенттік, БҰҰ-ның принциптерін басшылыққа ала отырып, барлық пайдаланушылардың барлық статистикалық ақпараттарға тең, бірыңғай қолжетімділігін қамтамасыз етеді және демократиялық қоғамның дамуына ықпал етеді, сөйтіп, шешім қабылдауда объективті және түсініктердің теріс еместігіне кепілдік береді. Біз БҰҰ ресми статистикасының он негізгі принциптерін толығымен ұстанамыз және қызметті ұйымдастыру бөлігінде халықаралық сапа стандартына сәйкестендіру жөніндегі жұмыстар жүргіземіз.

Қазіргі уақытта Статистика агенттігі саны 254 адамды құрайтын 11 департаменттен тұрады. Агенттікке 3476 адам жұмыс істейтін, 16 аумақтық статистика органдары РМК жұмыс істейді. Статистика агенттігінің жанында «Ақпараттық-есептеу орталығы» жұмыс істейді. Бұл статистикалық ақпараттарды өңдеуге және ұсынуға қажетті барлық функцияларды және қызметтерді біріктіретін өндірістік бөлімше.

I. СТАТИСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

СТАТИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ҚАНАФАТТАНУШЫЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі статистикалық ақпараттарды тарату нысандары мен әдістерін үнемі жетілдіріп отырады, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы объективті және сапалы ақпаратты пайдаланушылардың кең ауқымына мерзімінде ұсынуға ұмтылады.

Жұртшылықпен байланыс

2008 жылы ҚР Статистика агенттігінде баспасөз-қызметін құру сәтінен бастап жұмысының негізгі анықтауыш принциптері мыналар: масс-медия мен жұмысты үйлестіру; бұқаралық ақпарат құралдарына уақытылы статистикалық мәліметтерді ұсыну; пайдаланушылардың сұрауларына жауаптарды дайындау; коммуникативті іс-шараларды ұйымдастыру және Агенттіктің қызметін ақпараттандыру.

БАҚ қоғамға статистикалық деректерді жеткізудің ең жылдам, талап етуші және тиімді тәсілі болып табылады. Қазіргі уақытта Агенттіктің баспасөз-қызметінің БАҚ деректер қорына ең ірі халықаралық ақпараттық «Bloomberg» және «Рейтерс», 9 республикалық ақпараттық агенттік («Казинформ», «КазТаг», «Қазақстан Тудэй» және т. б.), 20 баспасөз БАҚ («Қазақстанская правда», «Время», «Литер», «Известия Қазақстан», «Экспресс К», «Астана ақшамы», «Егемен Қазақстан» және т. б. топтар кіреді. Басылымдар қатарында Агенттік қызметкерлерінің көмегімен дайындалған «Қазақстан сандарда» «Сандар және дәлелдер» атты арнайы рубрикалар шығарылады. Статистикалық ақпаратты «Хабар», «Қазақстан», «Астана», «7 канал» телевизиондық каналдар командалары бизнес жаңалықтарды дайындауда, өз репортаждарында кеңінен қолданылады.

Статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың қолайлылығы үшін Агенттіктің барлық жаңалықтары жылдам түрде www.stat.gov.kz сайтында орналастырылады. Осы жерде пайдаланушыларға қажет баспасөз-хабарламалардың шығуын алдын-ала білу үшін, ақпаратқа жету жолдарын жеңілдететін, сонымен қатар пайдаланушылардың статистикалық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасайтын күнтізбе болады.

Агенттіктің баспасөз-қызметімен БАҚ дайджестері үнемі дайындалады. Күнделікті жарияланымдардың мониторингі және теле жаңалықтардың шығу нәтижесінде Агенттіктің басшылығы және қызметкерлері өзекті ақпаратты қолайлы түрде алады.

Агенттік бірнеше рет Агенттік қызметкерлері сондай-ақ журналистер үшін оқыту семинарларын өткізу және ұйымдастыру бастамасымен шықты.

Сонымен «Баспасөз-хабарламаларын жазу негіздері» атты оқыту тренингі барысында Агенттік қызметкерлері кәсіби журналистерден БАҚ үшін хабарлама жазу ережелерін және нюанстарын үйренді. Кәсіпқойлар Агенттіктің барлық алғашқы дайындаған және таратылған баспасөз-хабарламасына талдау жасады, және бүгінгі күні баспасөз — қызметінің жұмысында ұсыныстар кеңінен қолданылады.

Жыл сайынғы Агенттікте өткізілетін ашық есік күні, 2009 жылы сол фарматта бұрынғыдай өткізілді, тек қана өзгергені жыл сайын статистикалық ақпаратты тарату жүйесі жетілдіріле отырып, Агенттіктің ақпаратты тарату түрінің тұсауы кесіліп, 2009 жылы ҚР Статистика агенттігінің сайты арқылы 2009 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша журналистер үшін пресс конференция өткізілді, барлық үміткерлерге Агенттіктің статистикалық жарияланымдары басылымдар таратылды, олар жеткілікті болды, атап айтсақ, ол ЖОО, кітапханалардың, мемлекеттік органдардың өкілдері, ФЗИ және де басқа да жыл сайын осы іс-шараға қатысатын пайдаланушылар.

2009 жылдан бастап Агенттікпен Халықтың ұлттық санағына әзірлеу басталды, 2009 жылдың қаңтарынан бастап апта сайын Агенттік қызметкерлері және журналистердің қатысуымен пресс-конференциялар, брифингтер өткізілді, басты тақырыбы болып халықты осы шараға дайындау, қатысуды насихаттау, түсініктеме беру болып табылады. Азаматтардың халық санағына қатысу ережелерін, мақсатын, мәнін түсіндіретін 20 аса жарнама роликтері түсірілген, күнделікті жарнама радио, теледидар құралы арқылы БАҚ басылған плакаттар, билбордтар, жүгіртпе жолдар арқылы кейбір облыстарда азаматтарды халық санағына қатысуға үгіттейтін флэш-мобалар өткізілді, сонымен қатар еліміздің 90 аса ірі кәсіпорындармен келісушілікке қол жеткізілді (олар, АҚ «Казпочта», АҚ «Жолаушылар тасымалы», «Қазақтелеком», «Абди» компаниясы, «Фуд мастер» компаниясы, «Қарағанды кәмпиттері» және басқа ірі кәсіпорындар), олардың өнімдеріне халық санағының логотипін орналастыру туралы «Жасыл ел», Қазақстанның жастар конгресі сияқты қоғамдық ұйымдар т. б. ұқсас ұйымдар қатысты, халық санағы өтетін күн туралы хабарланған барлық ел азаматтарына СМС хабарламалары жіберілді, халық санағы бойынша оларды қызықтыратын мәселелері барлық азаматтар хабарласа алатын, олардың қолайлылығы үшін Call Centr жұмыс жасады.

Агенттіктің мамандары «ҚР әлеуметтік-экономиканың жағдайлар және демографияның үдерістерін дамытуын БАҚ-та жариялау мәселелері» атты журналистерге арналған арнайы тренингті ұйымдастырып жүргізді. Бұл тақырып 2009 жылғы Халықтың ұлттық санағын өткізумен байланысты өзекті болды. Журналистер өздері түсініп қана қоймай сонымен қатар қоғамға санақ барысындағы ақпаратты жеткізіп, жоғары қолжетімді және толық талдай білуі өте маңызды болып табылады.

Санақтың қорытындысы бойынша анықтамалықтар, жинақтар, баспасөз хабарламалары, баспасөз шығарылымдары, мақалалар және басқа статистикалық және талдамалық материалдар дайындалып, сонымен қатар халық санағының деректері айтылатын пресс-конференциялар, брифингтер өткізіледі.

Санақтың материалдары Президент Әкімшілігі және Үкімет, Республика Парламенті, Министрліктер, ведомстволар, агенттіктер, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік ЖОО және кітапханалар, халықаралық ұйымдар, ҒЗИ және т. б. сияқты пайдаланушылардың кеңейтілген орталарына беріледі.

Интернет

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің www.stat.gov.kz сайты статистикалық мәлеметтерді тарату көздерінің негізгісіне айналып келеді. Сайт пайдаланушыларға Қазақстан статистикасын ұсынады және Интернет жүйесінің барлық қызығушылық танытқан пайдаланушыларын өзекті статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Осы күні сайт қызығушылық білдіруші көптеген топтарға бағытталған. Барлық статистикалық материалдардың жиынтығы сайттың «Жарияланымдар», «Қазақстан цифрларда» бөлімінде жарияланады. Әр салалар бойынша 5 жылғы негізгі көрсеткіштер, 10 жылдан астам серпіндік қатарлар, жедел ақпарат, кестелік материалдар, әдіснамалық түсініктемелер ұсынылған. «Жарияланымдар» бөлімінде PDF форматында статистикалық жинақтар мен жарияланымдар орналастырылған. 2009 жылдан бастап сайтта Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес әзірленген, 20 сала бойынша статистикалық бюллетеньдер орналастырылды.

2009 жылы «Электронды статистикалық есептілік» ақпараттық жүйесі енгізілді, ол респонденттерге электронды цифрлық қолтаңбаны қолдану арқылы статистикалық есептілікті электронды түрде табыс етуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде статистикалық есептілікті электронды түрде жинақтау 8 нысан бойынша жүргізілуде.

Респонденттерге ыңғайлы болуы үшін статистикалық есептілікті электронды түрде толтыруға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету сайтта орналастырылған. Респонденттерге кезеңділігі мен табыс ету күні бойынша топтастырылған статистикалық есептілік нысандарының бланкісінің электронды түрде көшіріп алу мүмкіндігі және есептердің түрлері мен табыс ету мерзімі көрсетілген «Статистикалық күнтізбе» жүзеге асырылды.

Агенттік сайтында жыл сайын статистиканың әр салалары бойынша 35-тен 40 дейін баспасөз хабарламаларының атаулары жарияланады. 2009 жылы сайт арқылы 1460 пайдаланушы баспасөз хабарламаларын электронды таратуға жазылған.

Кез келген сайтты қолданушы өзін қызықтыратын сұрағын қоюға, «Блогтар» бөлімінде кеңестер алуға, сонымен қатар сайтта өткізілетін Интернет-конференциялар мен интерактивті сұрауларға қатысуына болады.

Сондай-ақ, осы жылы статистикалық мәліметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін статистиканы электронды түрде таратуға көңіл бөлінген: барлық әзірленетін статистика ресми сайтта орналастырылады, сонымен бірге, Интернетке әрдайым қол жетімі бар пайдаланушыларға statistika@stat.kz электронды адресіне өтініш беру арқылы статистикалық ақпаратты электронды таратылымға жазылу мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Пайдаланушы статистикалық ақпаратты әрдайым Статистикалық жоспарында көрсетілген жарияланымдардың шығару мерзіміне сәйкес алады. 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы статистикалық материалдарды электронды таратуға жазылушылар саны 6 есеге көбейген.

Жарияланымдар

2008 жылы Статистика агенттігімен тиражы 73 100 дана 93 атаумен жарияланымдар шығарылды.

Бұдан басқа, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде, сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардан сақтандыруға бағытталған ақпарат ұсынылған «Кәсіпкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» кітапшасы шығарылды.

Халықаралық тәжірибені есепке алумен статистикалық жарияланымдардың құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, жалпы дизайнды және полиграфиялық атқару сапасын жақсарту бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілуде.

2009 жылы статистикалық деректерді тарату үдерісінің шеңберінде министрліктердің және ведомстволардың 250-ден аса ресми сұратулары орындалды; жедел статистикалық ақпарат күн сайын қағаз тасушыда және электрондық түрде жіберіледі. Бұдан басқа, күн сайын пайдаланушылармен –консультациялар, ресми жарияланған статистикалық ақпараттарды электрондық түрде ұсыну жұмыстары жүргізіледі.

Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

2009 жылғы 4 тоқсанда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (бұдан әрі — Агенттік) статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен сауалнама өткізді. Сауалнамаға 1278 респондент қатысты. Оның 61%-дан астамы — мемлекеттік мекемелердің өкілдері, 13%-дан — бизнес-құрылым және оқу орындарының өкілдері, 12%-дан астамы — басқа санаттың өкілдері.

Пайдаланушылардың басым бөлігі жарияланатын ақпараттың көлемімен қанағаттандырылды (сұралғандардың 85,7%-ы).

Агенттіктің сайты пайдаланатын және пайдаланбайтын пайдаланушылардың саны жалпы тең бөлінді (тиісінше 51,1% және 48,9%). Сондай-ақ Агенттіктің сайтында оларға арналған қажетті ақпараттың бар болуы және жоқтығы туралы сұралғандардың бағалауы дерлік тең үлеспен берілді.

Кәсіпорындарға статистикалық жүктемені төмендету

Ақпаратты ұсыну нысаны толық қанағаттандырылды 44,4%, ал 47,1% талдамалық ақпаратты көбірек ұсынууды қажет деп санайды. Пайдаланушылардың 74%-дан астамы ресми статистикалық деректердің дұрыстығын 75% -ға қарағанда жоғары деп санайды. Оның ішінде 33,2% деректерге толық сенеді.

Пайдаланушылардың пікірі бойынша ақпаратты алудың ең тиімді әдісі деректер базасына тікелей қол жеткізу, соның ішінде, Интернет арқылы. Сауалнамаға қатысушылардың 66,2% осындай жауапты берді.


Деректерді алудың негізгі әдістері заңды және жеке тұлғалар, бағаны тіркеу, халықтан сұхбат алу және статистикалық тіркелімдерді жүргізу бойынша статистикалық нысандарды пайдалана отырып статистикалық байқауларды өткізу болып табылады. Деректерді жинаудағы негізгі проблема қолда бар әкімшілік деректерді жеткіліксіз пайдалану, пайдаланушылардың жекелеген топтары бойынша бастапқы деректерді өңдеу нысандары мен әдіснамасының күрделілігі есебінен респонденттердің жоғары жүктемесі болып табылады. Бұдан басқа, түрлі мемлекеттік органдардың осындай көрсеткіштердің жиынын қайталауы және тіркелімдік жүйелер мен ішінара байқауларды жеткіліксіз қолданбауы кездеседі.

Агенттік кәсіпорындарға жүктемені төмендету курсың дәйекті түрде жүргізеді. Есептерді қабылдау үшін «бір терезе» қызметі енгізілді, статистикалық құралдар, нысандар және статистикалық ақпараттарды жинау әдістері жетілдірілуде, түрлі мемлекеттік органдардың статистика өндірісін бірыңғай тиімді жүйеге біріктіретін статистика жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны түзету жөнінде жұмыстар жүргізілуде, статистикалық ақпараттармен алмасу бөлігінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кеңейтілуде. Соның нәтижесінде соңғы жылдары респонденттерге арналған жүктемені төмендетуде белгілі бір қадамдар айқындалуда.

Төменде 1-4 кестелерде 2006-2008 жылдардағы кәсіпорындарға арналған жүктемелер мониторингінің көрсеткіштері берілген.


1-кестеде орташа алғанда бір жыл ішінде бір кәсіпорын ұсынған есептер санының серпіні көрсетілді. Сонымен, ірі кәсіпорындар бойынша есептердің саны 18,2 пайызға және орта кәсіпорындар бойынша 19,2 пайызға төмендеген.

1-кесте. Бір кәсіпорынның орташа бір жыл ішінде ұсынған есептерінің саны




2,3,4-кестелер 2007-2009 жылдар кезеңдеріне ұсынылған есептер саны бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, орта және ірі кәсіпорындардың бөлінуін көрсетеді.


2-кесте. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін ұсынылған есептер саны бойынша бөлу



3-кесте. Орта кәсіпорындарды ұсынылған есептер саны бойынша бөлу



4-кесте. Ірі кәсіпорындарды ұсынылған есептер саны бойынша бөлу



Жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқау бағдарламаларын жаңғырту

Статистика агенттігі 2009 жылы жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар бағдарламаларын (бұдан әрі — Бағдарламалар) жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастырды. Жаңғыртудың негізгі мақсаты болып, Бағдарламаларды немесе олардағы көрсеткіштер санын қысқарту, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы респонденттерге арналған жүктемені төмендету. 2009 жылы өткізілген талдау нәтижесінде жалпы мемлекеттік нысандардың саны 170-ке дейін саны қысқартылды, кейбіреуінде деректерді жинаудың кезеңділігі өзгертілді: ай сайынғы есептіліктің орнына — тоқсандық, тоқсандықтың орнына — жылдық есептілік; 2011 жылға респонденттерге арналған жүктемені төмендету шеңберінде 6 ведомстволық статистикалық байқаулары алып тасталды.

Өткізілген жаңғыртудың нәтижесінде келесі проблемалы мәселелер шешілді: Бағдарламаларда және Бағдарламалар арасында көрсеткіштердің қайталануы, толтырудағы еңбек сыйымдылығы, қолайсыз үлкен кестелердің болуы, нұсқаулықтардың дұрыс еместігі және т. б. Бірнеше нысандар бойынша деректерді жинау кезеңділігі өзгертілді: ай сайынғы есептіліктің орнына — тоқсандық, тоқсандықтың орнына — жылдық есептілік.

Бірыңғайланған Бағдарламалары қолданылатын жіктеуіштердің және идентификаторлар бөлінісіндегі мәнді анықтауға және деректерді көпқалыпты ұсыну үшін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, 2009 жылы 130 жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар және 1 ведомстволық статистикалық байқау жаңғыртылды. Бағдарламаларды жаңғырту бойынша жүргізілген жұмыстардың тиімділігі: респонденттерге арналған жүктеменің төмендеуі; статистикалық қызметтер сапасының артуы, ақпараттың дұрыстығы; пайдаланушылардың қажеттілігін қанағаттандыру; статистикалық үдерістерді жаңғырту және автоматтандыру (жинау, өңдеу, деректерді тарату және сақтау); жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану; барлық ақпараттық технологияларды біріктіру; уақытты және қаржылық шығындарды қысқарту болады.

Ұлттық халық санағын өткізу

«2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы № 1138 қаулысын іске асыру шегінде 2009 жылдың 25 ақпаны мен 6 наурызы аралығында халық санағы өткізілді.

2009 жылғы халық санағын ұйымдастыру және өткізу халық санағының Дүниежүзілік және 2010 жылғы тұрғын үй қоры бағдарламасының аясында ТМД — нің Статкомитеті мен Еуростаты, БҰҰ — ның ЕЭК — сы, БҰҰ — ның Статкомиссиясының және басқа халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын есепке алумен халықаралық стандартқа сәйкес жүзеге асырылды.

Халықтың ұлттық санағын өткізу және қорытындысын алу үшін үлкен ұйымдық және әдіснамалық дайындық жұмыстары алдын-ала жүргізілді.

2009 жылдың қаңтар айында санақ қызметкерлерінің құрамын іріктеу жүзеге асырылды. Негізінен жоғары және арнайы-орта білімі бар тұлғалар, студенттер, жоғары оқу орындарының, басқаларға қарағанда мәліметті жылдам қабылдап және көбіне жылдам жұмыс істейтін ұстаздар құрамынан іріктелді. Оларды оқыту тестілеу мен тәжірибе сабағы түрінде жүргізілді.

Агенттікпен негізгі санаққа 83 362 адам тартылған болатын. Әр есепші санақ құралдарымен (бланктер, нұсқаулықтар, қойын дәптерлермен) қамтамасыз етілді, халық санағының басталуына дейін үйлерді бақылап аралап шықты және халыққа алдын-ала сұрау жүргізді. Санақ кезінде бекітілген кесте — жоспар бойынша 10 күн аралығында (25 ақпан мен 6 наурыз) халықты аралауда есепшілер тұрғындарға сауалнама жүргізді. Белгілі бір себептермен есепшіні үйіне кіргізгісі келмеген тұлғаларға (шақыру қағазы қалдырылды) әр қалада және ауылда құрылған тұрақты санақ учаскелеріне келу ұсынылды. Арнайы контингенті бар мемлекеттік органдарда: ӘМ, ІІМ, ҚМ, ТЖМ, ҰҚК, сонымен қатар СІМ шетелдердегі мекемелерінде және шалғайдағы елді мекендерде санақты өткізу жөніндегі шаралар қабылданды.

7-16 наурыз аралығында халықты есепке алудың толықтығы мен дұрыстығын тексеру мақсатында халықты бақылап аралау жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы №1138 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы халқының санағын өткізу іс-шаралары жоспарының 14 — тармағына сәйкес Агенттік халық санағы деректерін өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізді.

«2009 жылғы халық санағының қысқаша қорытындылары» жинағы дайындалып 2010 жылдың басында шығаруға жоспарлануда, онда 2009 жылғы 25 ақпандағы жағдай бойынша келесі позициялармен республика халқының көрсеткіштері көрсетілген.

- аумақтар бойынша халық саны;
- жынысы бойынша халық саны;
- жас топтары бойынша халық саны;
- ұлттық құрамы бойынша халық саны;
- ана тілі бойынша халық саны;
- тілдерді меңгеру деңгейі бойынша халық саны;
- дінге сенуі бойынша халық саны;
- азаматтығы бойынша халық саны.

Барлық осы белгілер (позициялар) бойынша әр бөлімде аумақтар бөлінісінде, жынысы бойынша, елдімекен түрлері (қалалық және ауылдық халық) бойынша халықты бөлу ұсынылды.

**Қазақстан
Республикасы
Статистика агенттігінің
сапа менеджменті
жүйесі**

2008 жылы Агенттікте сапа менеджменті жүйесінің процестік-бағытталған моделін енгізудің жобасы ойдағыдай іске асырылды. Агенттіктің статистикалық қызметіндегі сапа менеджменті жүйесінің Ұлттық стандарттың ҚР СТ ИСО 9001-2001 талаптарына сәйкестігі инспекциялық бақылаудың қорытындылары бойынша сыртқы аудиторлармен 2009 жылғы желтоқсанда расталды.

Жүйені енгізудің негізгі мақсаты статистикалық өндірістің сапасын жоғарылату және статистикалық өнімді пайдаланушылардың қажеттілігін барынша қанағаттандыру болып табылады.

Жыл бойы статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың және қызметкерлердің қанағаттанушылығына зерттеулер жүргізілді. Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін бағалау жұмыстары өткізілді. Сауалдаманың нәтижелері бойынша шешімдер статистикалық қызметті жақсарту шараларының негізі болып табылады.

Сапаны басқару жүйесінің тиімді дамуына сертификаттаушы ұйым жоғары баға берген Агенттіктің ішкі аудиторларының жұмысы ықпал етті.

Алдағы уақытта сапа менеджменті жүйесін аумақтық органдарға енгізу жоспарлануда.

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ 2009-2011 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Агенттіктің 2009-2011 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары негізгі бөлімдер бойынша орындалды.

1. Стратегиялық бағыт. Мемлекеттік статистика жүйесін институционалды дамыту және статистикалық деректерді жеткізушілермен және пайдаланушылармен өзара іс-қимылды дамыту

1.1. Мақсат. Әкімшілік көздерді пайдалану есебінен респонденттерге арналған жүктемені азайту

1.1.1. Міндет. Стратегиялық көрсеткіштерді әзірлеу үшін мемлекеттік органдар деректерінің базаларын барынша пайдалану

Агенттік «Мемлекеттік статистика туралы» Заң жобасын (жаңа редакциясы) және «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» ілеспелі Заң жобасын әзірледі. Заң жобалары Парламент Мәжілісіне енгізілді. ҚР Парламент Мәжілісінің пленарлық отырыстарында мақұлдағаннан кейін «Мемлекеттік статистика туралы» Заң жобасы Парламент Сенатына қарауға жолданды.

Е-үкіметті енгізу жөніндегі іс-шараларға сәйкес, мемлекеттік органдармен деректерді электронды түрде алмасуды қамтамасыз ету үшін «е-статистиканы дамыту» көзделді. Е-статистиканы дамыту шеңберінде 2009 жылы 3 ақпараттық жүйені («СЫНЫП», ЭСЕ, ӨСТ АЖ) құру жөніндегі жұмыстар жүргізілді. Қазіргі кезде мемлекеттік органдармен статистикалық ақпаратты электронды түрде алмасу Интернет-ресурс АЖ арқылы жүзеге асырылуда.

Респонденттерге түсетін жүктемені төмендету мақсатында 2009 жылы келесі жұмыстар атқарылды:

— статистикалық есептіліктің 130 нысаны жаңартылды; статистикалық есептіліктің нысандарына 129 нұсқаулық өңделді (жаңадан әзірленді); 28 әдіснамалық жұмыстар (нұсқаулық, бұйрықтар, ұсыныстар және т. б.) өңделді (жаңадан әзірленді); респонденттерден жиналатын жалпы мемлекеттік статистикалық есептіліктің 26 нысаны күшін жойды; статистикалық есептіліктен 34 қайталанатын көрсеткіштер алынып тасталды.

— «Электронды статистикалық есептілік» (ЭСЕ АЖ) ақпараттық жүйесі енгізілді. Респонденттер есептілікті электронды түрде тапсыру үшін 8 нысан бойынша ЭСЕ АЖ-ы әзірленді және барлық өңірге жіберілді. Электронды саңдық қол таңбаны пайдалану арқылы 517 респондент 8 нысан бойынша, оның ішінде 276 респондент агенттіктің порталы арқылы есеп берді.

— әкімшілік деректерге қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша жұмыс. «Мемлекеттік статистика туралы» Заң жобасы (жаңа редакциясы) әкімшілік көздерді пайдалану есебінен респонденттерге арналған жүктемені төмендету — стратегиялық мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» ілеспелі Заң жобасымен 104 заң актілеріне анықтамаларды нақтылау мен мемлекеттік органдардың құзыреті мәселелері бойынша толықтырулар енгізу бөлімде өзгерістер енгізілуде.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен біріктіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Қазіргі уақытта Агенттік пен мемлекеттік органдардың 3 ақпараттық жүйесі біріктірілді: Салық төлеуші мен салық салынатын объектілердің мемлекеттік тізілімі (РНиОН), «Заңды тұлғалар» (ГБДЮЛ) Мемлекеттік деректер қоры, Біріктірілген Салық Ақпараттық Жүйесі (БСАЖ). Алдағы уақытта мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен бірігуін қамтамасыз ету үшін деректерді электронды түрде алмасу тәртібін келісу және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық Комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Байланыс және ақпараттандыру агенттігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы ету туралы біріккен бұйрықтарға қол қою бойынша жұмыстар атқарылды.

1.2. Мақсат. Ресми статистика деректерінің жоғары сенімділік деңгейіне қол жеткізу

1.2.1. Міндет. Статистиканы пайдаланушыларға көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесін кеңейту, ақпараттық дереккөз ретінде Интернет-порталды пайдалану, электрондық түрдегі (пошта, он-лайн, жазылым) сұрауларды өңдеуді қамтамасыз ету.

2009 жылы Агенттіктің Интернет-ресурсын одан әрі дамыту жалғастырылды. Агенттіктің интернет-ресурсын пайдалану саны жылына 25 мың бірлікті құрады. Статистикалық ақпаратты орналастыру және өзекті сипат беру Статистикалық жұмыстар жоспарында бекітілген мерзімдерге және статистикалық әдіснаманы жетілдіру мүмкіндігіне сәйкес іске асырылды. 2009 жылы Агенттіктің Интернет-ресурсында 2009 жылғы 39 жарияланым; сонымен қатар 2008 жылдың барлық жарияланымдары; 749 статистикалық бюллетеньдер; 316 жедел-ақпарат; 203 баспа-хабарламасы; 14 сыныптауыш орналастырылды. Күн сайын «Жаңалықтар» бөлімі жаңартылады. «Респонденттерге» бөлімінде 25 бірлік кестелік және графиктік материалдар орналастырылды, ал статистикалық есептілік нысандары қайтадан бекітілуіне байланысты орналастырылады. Графикке сәйкес, тұрақты негізде серпінділік қатарлар, статистикалық ақпарат, графикалық материалдар мен әдіснама мемлекеттік және орыс тілдерінде жаңартылды, Қазақстан Республикасы Халқының ұлттық санағын өткізу беті орналастырылды.

Сауалдарды электронды түрде өңдеуді қамтамасыз ету үшін 2009 жылы Бірыңғай Электронды Құжат айналым Жүйесі (БЭҚАЖ) арқылы пайдаланушылардың ресми сауалдарының 1302-не жауап, Агенттіктің Интернет-ресурсының «Сұрақтар-жауаптар» бөлімінде респонденттер мен пайдаланушылардың әртүрлі сұрақтарына 552 жауап, Агенттіктің электронды жәшігіне 2009 жылғы шілдеден бастап жіберілген сұрақтарға 140 жауап қайтарылды, мемлекеттік органдарға 2230 электронды кесте жіберілді, халықаралық ұйымдарға электронды түрде 140 сұраныс өңделді және жіберілді, соның ішінде 105 сауалнама толтырылды, респонденттерге арналған ЭСЕ АЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді (БҚ), ЭСЕ АЖ БҚ-ның жаңартулары, сонымен қатар, электронды статистикалық есептілікті қабылдау үшін электронды сандық қол таңбаны пайдалану арқылы ЭСЕ АЖ — дан респонденттермен экспортталған деректердің жіберілуін қамтамасыз ету бойынша Интернет-ресурсымен біріктіру орындалды.

Электронды статистикалық деректерді таратуға жазылушылардың санын арттыру үшін агенттіктің баспа-хабарламасында он-лайн жазылу әзірленді және оған 1388 жазылушылар жазылды. Бір жыл ішінде 934 жаңа жазылушылар тіркелді және осының негізінде электронды таратылымға жазылушылардың деректер қоры қалыптастырылды. Агенттіктің Интернет-ресурсы арқылы электронды таратылым жүйесін қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде.

2. Стратегиялық бағыт. Статистикалық инфрақұрылым мен әдіснаманы дамыту

2.1. Мақсат. Мемлекеттік органдар дамуының нысаналы көрсеткіштерінің статистикалық мониторинг жүйесін енгізумен қоса, көрсеткіштерді әзірлеу мен статистикалық көрсеткіштер жүйесін үнемі дамыту, сонымен қатар бәсекелестікке қабілеттілік көрсеткіштерімен қамтамасыз ету.

2.1.1. Міндет. Статистикалық көрсеткіштер әзірлемелерінің әдіснамасын жаңғырту және дамыту, жаңа статистикалық көрсеткіштер енгізу.

2009 жылы 7 жаңа статистикалық зерттеулер енгізілді, түрлі тақырыптар бойынша 8 талдамалық зерттеу өткізілді.

Нысандарды электронды түрде өңдеу жөніндегі жұмыстардың шеңберінде 2009 жылы нысандарды электронды түрде өңдеу және 31 есеп беру нысандары бойынша деректер енгізу жүргізілді. ЭСЕ АЖ Қазақстанның барлық өңірлерінде енгізілді, 57 жұмыс станцияларында ЭСЕ АЖ орнатылды. Үш негізгі орталықтарда өңірлік мамандар арналған көшпелі оқыту семинары ұйымдастырылды.

Есептіліктің ведомстволық нысандарын жаңарту мақсатында статистикалық есептіліктің ведомстволық нысандарын келешекте оңтайландыру үшін оларды талдау жөніндегі жұмыстар жүргізілді. Агенттіктің салалық департаменттері мен басқа мемлекеттік органдармен 81 ведомстволық статистикалық байқау нысандарының ішінен 48 нысан қолданылады. 33 ведомстволық байқау нысандарын әкімшілік есепке аудару жөніндегі жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде 6 статистикалық нысан күшін жоюға жатқызылады және 2011 жылдан бастап әкімшілік есепке ауыстырылады.

2.2. Мақсат. Халықтың жалпы санын сипаттайтын көрсеткіштердің ауқымды тізбесін нақтылау, оның қалалық және ауылдық мекендерге бөлінуіне, жынысы мен жасына қарай, отбасы жағдайына, ұлтына, тіл білуіне, білім деңгейіне, сонымен қатар, үй шаруашылықтарының санына, табыс көздеріне, жұмыспен қамтылуына және тұрмыс жағдайы мен республиканың тұрғын үй қоры ахуалына қарай нақтылау.

2.2.1. Міндет. Халықтың ұлттық санағын өткізу

2009 жылғы 25 ақпан мен 6 наурыз аралығындағы кезеңде 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы өткізілді. Санақтың қорытындылары бойынша ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевпен ҚР Парламентінің төртінші шақырылымының III сессиясының ашылуында жарияланған «2009 жылғы ҚР халық санағының алдын ала қорытындылары» атты баяндама дайындалды. Қазіргі кезде 2010-2011 жылдар ішінде жарияланатын халық санағының деректерін өңдеу жүргізілуде.

2.3. Мақсат. Нысандарды жеңілдету және деректер өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін енгізу есебінен респонденттер жүктемесін төмендету

2.3.1. Міндет. Нысандарды жаңғырту және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу

Келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді:

— *Нысандарды электронды түрде өңдеу.*

Нысандарды электронды түрде өңдеу үшін Қазақстанның барлық өңірлерінде АСЕ АЖ енгізілді. Деректерді енгізу 31 есептілік беру нысан бойынша жүргізіледі: 11 айлық, 10 тоқсандық, 10 жылдық кезеңділіктері. Жүктемені төмендету үшін нысандар облыстар бойынша бөлінді. Респонденттер есептілікті электронды түрде тапсыруы үшін 8 нысан бойынша АСЕ АЖ қосымшасы әзірленіп, барлық өңірлерге жіберілді.

— *4 біріктірілген ақпараттық кіші жүйелерді әзірлеу.*

Іс-шаралар шеңберінде келесі ақпараттық кіші жүйелерді әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмыстар жүргізілді:

- 1) «Біріңғай Интернет-портал арқылы ҚРСА мен оның аумақтық органдарының ақпараттық және талдамалық ақпараттарын тарату» ақпараттық жүйесі;
- 2) «Бастапқы статистикалық ақпарат қоймасы» ақпараттық жүйесі (дайындық жұмыстары жүргізілді);
- 3) «СЫНЫП» Ақпараттық жүйесі — статистикалық өндірісте қолданылатын сыныптауыштар мен анықтамалықтарды жүргізуге арналған;
- 4) «Электронды статистикалық есептілік» (ЭСЕ АЖ) ақпараттық жүйесі — Қазақстанның барлық өңірлерінде енгізілді.

— *Тіркелімдік жүйелер*

Сонымен қатар, Агенттік келесі тіркелімдік жүйелерді дамыту жөніндегі дайындық жұмыстарды жүргізді:

- 1) «Халық тіркелімі» ақпараттық жүйесі;
- 2) «Әлеуметтік статистика тіркелімі» ақпараттық жүйесі;
- 3) Ауыл шаруашылығы тіркелімдерін жүргізу жөніндегі ақпараттық жүйе;
- 4) Мемлекеттік статистикалық тіркелім.

3. Стратегиялық бағыт. Кадрлық әлеуетті және халықаралық ынтымақтастықты дамыту

3.1.1. Мақсат. Ресми статистика деректерінің жоғары сенімділік деңгейіне қол жеткізу, статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың сауаттылығын көтеру және қызметкерлер біліктілігінің жоғары деңгейін арттыру есебінен статистиканың дамуын қамтамасыз ету

3.1.1. Міндет. Статистикалық әдіснаманы және деректерді өңдеу мен талдаудың қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалануға үнемі оқыту жүйесін құру

2009 жылы Агенттік қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру міндетінің шеңберінде 2142 адам оқытылды, оның ішінде 756 — Агенттіктің қызметкерлері және 1386- аумақтық статистика органдарының қызметкерлері.

Бастапқы статистикалық деректердің сапасын арттыру үшін респонденттерді оқыту жүргізілді. Бір жыл ішінде аумақтық статистика органдарымен 56 101 респондент оқытылды.

2009 жылы Агенттікпен статистикалық ақпараттың пайдаланушыларды оқыту жүргізілді. Бір жыл ішінде Агенттік деңгейінде 1000 пайдаланушы және статистика облыстық департаменттері деңгейінде 2000 пайдаланушы оқытылды. Халықаралық бизнес академиясында оқыту семинарлары жүргізілді. Пайдаланушылардың топтары бойынша мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары, ұлттық холдингтер, мүдделі коммерциялық құрылымдар өкілдерін оқыту жүргізілді.

Халықаралық семинарларда статистиканың негізгі салалары бойынша жыл сайынғы қатысу шеңберінде 2009 жылы Агенттіктің 64 қызметкерлері статистика мәселелері бойынша 53 халықаралық семинарға қатысты. 2009 жылы Агенттік 3 халықаралық семинар өткізді:

— Азия және Тынық мұхит үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының және БҰҰ Еуропалық Экономикалық комиссиясының шектеулі мүмкіндікті тұлғалар бойынша интервьюерлерге арналған семинар тренинг (31 тамыз-4 қыркүйек 2009 жылы, Алматы);

— Азия және Тынық мұхит үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының және БҰҰ Еуропалық Экономикалық комиссиясының Мыңжылдық даму мақсаты көрсеткіштерінің дезагрегациясы туралы халықаралық семинар (5-8 қазан 2009 жылы, Астана);

— Азия және Тынық мұхит үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының және БҰҰ Еуропалық Экономикалық комиссиясының статистикалық ақпараттарды тарату туралы халықаралық семинар (23-25 қараша 2009 жылы, Астана).

2009 жылға арналған

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қаржыландыруы

(мың теңге)

Бағдарлама	Атауы	2009 жылғы нақтыланған жоспары
001	Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызмет көрсетулер	3 777 070
002	Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулер	1 200 128
003	Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру	61 060
004	Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	61 673
006	Ұлттық санақ өткізу	3 256 950
009	Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызмет көрсетулер	114 055
	Барлығы	8 470 936

III. СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІНІҢ 2010-2014 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2010 жылы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметін жетілдіру жөніндегі жоспары

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2010-2014 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарына сәйкес келесі стратегиялық бағыттар көзделген:

1. Статистикалық әдіснаманы және статистикалық құралды жетілдіру;
2. Респонденттермен жұмысты жетілдіру;
3. Статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмысты жетілдіру;
4. Мемлекеттік статистика органдары жүйесінің тиімділігін арттыру;
5. Статистикалық қызмет саласында халықаралық тәжірибені алу.

Агенттіктің 2010-2014 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын орындау шеңберінде келесі іс-шараларды іске асыру 2010 жылға жоспарланды:

- ҚР «Мемлекеттік статистика туралы» Заңын қабылдау. Заңды қабылдау стратегиялық мақсатқа қол жеткізуге — әкімшілік көздерді пайдалану есебінен респонденттерге арналған жүктемені азайтуға мүмкіндік береді (ҚМ, ҰБ, ККМ, АШМ, ИСМ, ЕХӘҚМ-мемлекеттік органдардың статистикалық деректерін қалыптастырудағы пайдалану мүмкіндігі).
- Респонденттерге түсетін есепті жүктемені статистикалық нысандардағы бастапқы статистикалық деректер санын 2% азайту есебінен төмендету, бір жаппай зерттеуді өткізудің іріктемелі әдісіне ауыстыру;
- Мемлекеттік органдардың 5 қолданыстағы ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, Статистика агенттігінің бір ақпараттық кіші жүйесін енгізу, Мемлекеттік органдармен е-статистика шеңберінде деректерді электронды алмасу;
- Агенттіктің Интернет-ресурстары арқылы статистикалық ақпаратты таратуды Агенттігінің интернет ресурстарында статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың өтініштері санын ұлғайту есебінен кем деген 120 мың бірлікке дейінгі деңгейге кеңейту;
- 3 жаңа статистикалық байқау енгізу;
- 5 талдамалық зерттеу өткізу;
- 53 статистикалық нысандарды электрондық түрде қабылдау бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу және қолдау;
- кемінде 40 жаңа статистикалық көрсеткіштерді енгізу;
- ведомстволық статистикалық байқаулардың 10 статистикалық нысандарын қайтадан қарау, жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың 70 нысанын қайтадан қарау;
- Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша статистикалық жинақтардың 16 сериясын шығару;
- Халық тіркелімін әзірлеу, 3 статистикалық тіркелімдерді жүргізу және көкейтесті ету;
- Шетелдік статистикалық әріптестермен озық тәжірибе алмасу, соның ішінде Қазақстан Республикасында 1 халықаралық семинар өткізу, Статистиканың саласындағы қызметкерлердің 50 халықаралық семинарға қатысуы.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2010-2012 жылдарға арналған бюджеттік шығыстардың жиыны

(мың теңге)

	Атауы	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл
001	Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызмет көрсетулер	4 167 078	5 105 232	5 582 810
002	Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулер	1 200 128	1 200 128	1 200 128
004	Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	18 792	18 792	18 792
006	Ұлттық санақ өткізу	21 045		
007	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	27 391	27 200	27 200
008	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру	13 713	29 025	29 025
009	Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызмет көрсетулер	118 033	127 476	137 674
	Барлығы	5 566 180	6 507 853	6 995 629

IV. СТАТИСТИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ОРЫНДАЛҒАН СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН ЖҰМЫСТАР

ҰЛТТЫҚ ШОТТАР СТАТИСТИКАСЫ

Экономиканың дағымдағы дамуының жедел бағалауына алу үшін ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс негізгі салалары бойынша шығарылымдардың нақты көлем индекстерінің өзгеруіне негізделетін қысқа мерзімді экономикалық индикатор есептеулері ай сайын жүргізілді. Деректер ай сайынғы «Қазақстан Республикасының әлеуметтік — экономикалық дамуы» журналында жарияланды. Сондай-ақ, «Әлеуметтік — экономикалық көрсеткіштердің жедел мониторингін жүргізудің тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 ақпандағы № 105 қаулысына сәйкес деректер Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігі үшін құрылған жедел мониторинг жүйесіне орналастырылды.

Нақтыланған тоқсандық деректерге негізделген Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) жылдық жедел бағалауын алу мақсатында табыстар әдісімен ЖІӨ есептеулері бойынша жұмыс жүргізілді. Нақтылаулардың тоқсандық циклі ЖІӨ бағалауларының толықтығын ұлғайту және сапасын жақсарту үшін қосымша деректерді ескеруге мүмкіндік береді.

Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдарды (ҮШҚККЕҰ) бір жолғы зерттеу өткізілді. Бұл байқауды өткізу нәтижесінде ҮШҚККЕҰ секторы бойынша ұлттық шоттарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін ҮШҚККЕҰ-дың өндірістік — қаржылық қызметі туралы егжей-тегжейлі деректер алынды.

Ұлттық шоттар жүйесінің құрылуын жетілдіру үшін статистикалық есептіліктің салалық нысандарын жаңғырту бойынша жұмыс жүргізілді. Мұның нәтижесінде кәсіпорындардың қаржылық активтері мен пассивтерінің шоттары бойынша қаржылық ағымдардың көрсеткіштері қаржылық емес корпорациялардың секторы бойынша қаржылық шоттың сапалы көрсеткіштерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Туризмнің қосалқы шоттары сапасының жақсаруы туризм түрлері мен туристер санаты бөлінісінде келушілердің туристік өнімдерге шығыстары туралы неғұрлым толық ақпарат алудың, сондай-ақ ішкі туризм келушілерінің мәдениет саласындағы қызмет көрсетулерге шығыстар көрсеткішін жетілдірудің арқасында мүмкін болады.

ӨНДІРІС СТАТИСТИКАСЫ

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруды ақпараттық қамтамасыз ету үшін айлық статистикалық бақылау: «Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері», сонымен бірге жаңа статистикалық көрсеткіш «Мемлекеттік сатып алулар және ұлттық компаниялардың сатып алулары бойынша жөнелтілген өнімнің көлемі» енгізілді.

Ай сайын кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінің ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарының қазақстандық қамту бойынша мониторингі өткізіледі. Қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері, сондай-ақ ірі және орта кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысы бойынша қарыздар туралы мәліметті қамтамасыз ететін жаңа айлық бюллетень әзірленіп жариялануда.

Өндірістік қуаттарды пайдалану туралы статистикалық ақпаратты қалыптастыру үшін «Өндірістік қуаттылықтар теңгерімі» атты статистикалық байқау қайта қарастырылып енгізілді.

